


ISSN 2073-333X
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№10/1 (141) 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



ПЯ ЮРИЙ
ВЛАДИМИРОВИЧ

Доктор медицинских наук,
«Герой Труда Казахстана», казахстанский
врач-кардиохирург, под руководством Ю. В. Пя АО
«Национальный Научный кардиохирургический центр»
вошел в топ 22 лучших клиник мира

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE

Батаева Фроза Асановна, Жакупова Анастасия Игоревна БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	115
Баялиева Гүлзина, Жундыбаева Турархан Нурмухановна ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ӘСЕР ЕТЕТІН ЖЕКЕ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	119
Жантемирова Мадина Балтабаевна, Стукаленко Нина Михайловна РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННОГО ТВОРЧЕСТВА СТУДЕНТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА.....	123
Жантілеуова Гүлмира ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДИАЛОГТИК ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ	129
Жияшева Жанар Шораевна, Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ПСИХОДИДАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	132
Каббасова Айнагуль Танырбергеновна МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИНОЯЗЫЧНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ	137
Какимова Лаура Шариповна РЕАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПЦИИ ВЫСШЕГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МЭНГЛІК ЕЛ».....	141
Қыдыралиева Нұргүл Құрманайқызы, Садықова Роза Каримовна ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	147
Муратова Гүлжан, Шаушенова Анаргуль APPLICATION OF CLOUD TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS	153
Ospanov Almaz Yerbolatovich, Nurgazinova Gulbarshyn Sharapidenovna, Mukhamediyeva Kymbatsha Maulenovna USE OF MULTIMEDIA TECHNOLOGIES IN EDUCATION.....	157
Султанғалиева Айгуль Екибаевна ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	161
Сұлтанбек Тұрлыбек Сынабайұлы, Бекен Асқар Есенбекұлы ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТІҢ МАЗМҰНЫ МЕН АТҚАРАТЫН РОЛІ	165
Tleuzhanova Gulnaz Koshkimbaevna, Andreyeva Olga Alexandrovna CLIL TECHNOLOGY AS A PEDAGOGICAL CONDITION FOR PREPARING STUDENTS FOR PROFESSIONAL ACTIVITIES.....	171

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Алиева Салима Апбазқызы АНТРОПОЦЕНТРЛІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ТОПОНИМИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕР (орыс-қазақ мақал-мәтелдерінің материалы негізінде).....	175
Боранкулова Бақитгуль Ержигитовна КОРОНАВИРУСҚА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ: ТІЛДЕГІ ҚОЛДАНЫС ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ.....	180
Зайсанбаева Гульнар Нигметовна МЕТАФОРАЛЫ АТАЛЫМДАРДЫҢ КОГНИТИВТИК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ УӘЖДЕМЕСІ	185
Ислямбекова Ақбота Қайратқызы ОЙЫНДЫҚ ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР	189
Кенжебаева Жаркын Есеновна, Кайрлиева Нургуль Балхашевна КОНЦЕПТ «МОЛОКО» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И КУЛЬТУРЕ: ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ОПИСАНИЯ	193
Кішкенбаева Жұлдызай Қалыбекқызы, Ибраева Эльмира Ерікқызы, Маслов Халел Борисович ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ: ЕУРОПА ЖӘНЕ РЕСЕЙ ДЕРЕККӨЗДЕРІ НЕГІЗІНДЕ.....	199

Қыдыралиева Нұргүл Құрманайқызы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті магистранты

Ғылыми жетекшісі:
Садықова Роза Каримовна
Фил. ғыл. канд.
Алматы, Қазақстан

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: Қазіргі халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше назар аударылуда. Әр ұлт тілінің өзінің айтылу, жазылу, сөйлеу ерекшелігі болатыны сияқты, ағылшын тілінің де тілдік қатынасының өзіндік заңдылығы және даму сипаты бар. Ағылшын тілін жалпы білім беруде технологиялар жүйесімен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері тілдік білім беруде өзекті болып табылады.

Мақалада заман талабына сай қазіргі студенттердің белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы олардың тыңдалым дағдысын дамыту, қажетті жағдайларда шешім қабылдайтын жеке тұлғаны қалыптастыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: білім беру, технология, дағды, тыңдалым, әдістеме.

Резюме: Во всех странах с современными международными отношениями вопросу языкового общения уделяется особое внимание. Подобно тому, как язык каждого народа имеет свои особенности произношения, орфографии и речи, так и английский язык имеет свои законы и характер развития. Анализируются вопросы научно-методических основ обучения английскому языку в общеобразовательной системе с использованием системы технологий, актуальных в языковом образовании.

Рассмотрены способы обучения в соответствии с современными требованиями через активную и познавательную активность современных студентов, развитие у них навыков слушания, формирование лиц, принимающих решения в необходимых ситуациях, внедрение новых технологий обучения.

Ключевые слова: образование, технология, навыки, аудирование, методика.

Summary: In all countries with modern international relations, a special attention is paid to the issue of language communication. Just as the language of every nation has its own characteristics of pronunciation, spelling and speech, so the English language has its own laws and nature of development. The article analyzes the scientific and methodological foundations of teaching English in the general education system using a system of technologies that are relevant in language education.

The methods of teaching in accordance with modern requirements through the active and cognitive activity of modern students, the development of their listening skills, the formation of decision-makers in necessary situations, the introduction of new teaching technologies.

Keywords: education, technology, skills, listening, methodology.

Кіріспе

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы

білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда студенттің білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы студенттің алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады.

Шетел тілін жаңаша оқыту соңғы жылдары жоғары қарқынға ие болды. Ұстаздардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі студенттердің шетел тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология жәрдеміне үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үр-

дісіне инновациялық технологияны ендіру, оқытушылар мен студенттерге дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар жаңашылықты да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және т. б. Оқытушылардың біліктілігі олардың педогогикалық қарым-қатынаста жағдаят жасауда көрінеді, онда оқытушылар да, студенттер де таңдау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады: «сөздік қор + қажетті құрылым = тіл». Алайда, тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым-қатынасқа үйрету үшін шынайы өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол студенттердің қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Аталған мәселені шешуде Интернет жүйесі айтарлықтай маңызға ие. Біз дәстүрлі шетел тілі сабағына тағы да сипаттама жасайық. Көп жағдайда шетел тілін оқыту үрдісінде оқытушы студент ойын басқарады, яғни, бағыт беру немесе жетекшілік етуден гөрі ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл әрекет психологтар көрсеткендей, студенттердің ойлау процесін тежейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды беріп, студенттен сөйлеу барысында тек соған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік берілмейді.

Негізгі бөлім

Студент мәселені түсінбей, өзіне қажетті ақпаратты ала-алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келу мүмкіншілігінен айрылып, өзінше ой қорытып, оны тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмайды. Ал мәселені шешуде жаңа ой, құнды пікір айту өте маңызды. Және ол міндетті түрде қорытындыланып, көрініске ие болар болса, оның нәтижесі жоғары болмақ. Шетел тілін оқыту технологиясының тиімділігінің көрсеткіштері мыналар:

- Студенттердің моральдық-психологиялық, интеллектуалдық және жас ерекшеліктерін ескеру.
- Оқуға жағымды көңіл күй қалыптастыру.
- Ұстаз бен студент арасында сөз алмасу, ғылыми қарым-қатынас және әріптестік принципін орнықтыру.

• Студенттердің еске сақтау қабілеті мен творчестволық деңгейін көтеру арқылы белсенділігін арттыру.

• Оқуды игеруге мультимедиялық және басқа да техникалық арсеналды кең іске қосу.

• Сабақтардың бітуімен студенттердің келешекке қанағаттануының қорытынды нәтижесі.

• Білім беру технологиясының үш түрлі типі бар. Олар дәстүрлік, инновациялық және ақпараттық. Бастысы – технологияның жиынтығы емес, оның дәрежесі [Гальперин П.Я., 1981, с. 78].

Тыңдалымның негізгі топтарына мыналар жатады:

а) тыңдап түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық формалары). н тани білу);

ә) сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;

б) дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу;

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Есту, тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Логикалық түсіну механизмі талдау процесінде күрделі болып саналады. Ауызша сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдаудың қажеті жоқ. Сөзді толық түсіну бірден және толықтай бір рет айтқанда қабылданады. Қазіргі кезде шетел тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, ұнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері көп. Шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған ұнтаспалар, видеофильмдер көптеп саналады. Бірақ ұнтаспа жазбасын тыңдау мен бетпе-бет ауызша сөйлесудің айырмашылығы бар. Сөйлеушімен ауызба-ауыз сөйлесу мүмкіндігінің жоқтығы, ұнтаспа арқылы тыңдау барысында біршама қиыншылықтар туғызады. Сондықтан тыңдау қабілетін ұнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы аудио жаттығулар мен аудио-мәтіндер қажет. Осы арайда мәтінді тыңдау, оқып отырған кісінің сөзін тыңдай отырып мәтінді оқып отырудың мәні зор.

Тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, видеофильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы оқушы үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Бастапқы кезде сөйлеуден тыңдау пайызының жоғары болуы мүмкін. Сабақ кезінде кейде естіген материалды қайталаумен шектелеміз, ал оны түсіну қабілетіне көбінесе мән бере қоймаймыз.

Шетел тілін тыңдап түсінудің өзіне тән қиыншылықтары болады. Жаңа материалды тез ұғындыруға тырысып, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен оқушы тез тыңдап, түсініп, жауап дайындау үшін ойланып отырады. Бұндай тыңдау қорытындысы – тыңдаушының сөзінде қатенің көп болуына әкеледі. Ауызша сөйлеуге үйрету – шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатын

дықтан, ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету.

Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін біріншіден – сурет арқылы, екіншіден, жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Бұл жұмыс түрлері ауызша жауапқа жатпайды. Шетел тілін үйрену үшін мұндай жұмыс түрлері тыңдап түсінуге қарағанда үлкен роль атқармайды.

Тыңдауға берілген материалдың мазмұны да түсінуге әсер етеді.

Тыңдауға арналған материалды дайындау үшін мыналарлы ескеру қажет:

- ✓ материал тақырыбы түсінуге жеңіл ме? Қандай қиын сөздер бар?
- ✓ материал түрі: суреттеу ме, әңгіме ме?
- ✓ материалды тыңдауға әзірлік;
- ✓ материал үзінді ме әлде толық па?
- ✓ материал диалог түрінде ме, әлде монолог па? Монологтық сөйлеу оңай, сондықтан тыңдауға тиімді.

Сөз топтарының арасында пауза болуы қажет. Тыңдаудың соңында қарқынды қалыпты деңгейге 1 минут 150 сөзге жетуі керек. Орташа қарқын 120 сөз; жай қарқын – 90 сөз.

Сөйлеп тұрған адамның барлығы, егер таза тілде сөйлеуші адам өзі тұрса өте жақсы. Ал ең қиыны диалогты тыңдау керек.

Сөйлеушінің даусы тыңдаушыға әсер етеді.

Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Ағылшын тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі: оқу материалдарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы студенттердің оқу іс-әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі [Давыдов В.В., 1996, с. 51]. Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, студенттердің танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Еліміздегі білім беру саласында оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына себепші болуда. Осындай оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай бағдар деп инновациялық, технологиялық білім беру жүйесін айтуымызға болады. «Инновация», «Технология» терминдеріне жеке-жеке тоқталатын болсақ, инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, яғни инновациялық үрдістерді мазмұнды ұйымдастыруды анықтайды. Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде «технология» (technology) деген ұғым «оқыту» деген ұғыммен қатар қолдананылады. «Технология»

термині тәсілдер жүйесі деген мағынаны білдіреді [Булекбасова Б., 2010, б. 73].

Оқыту технологиясы дегеніміз – оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген білім бірліктілігін білуі тиіс. Оқыту технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет және ағылшын тілін үйретуде қалай ескеру керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге шетел тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Педагогикалық бағыттағы мамандарды оқыту жүйесінде ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдаланудың мақсаты жаңа ақпараттық қоғамдағы оқып үйренушінің кәсіби даярлықтарын арттыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сондай-ақ, білім беру жүйесі буындарындағы оқу үдерісін жеке, қарқынды мен оқытудың сапасын арттыру әрекеттерін іске асырады. И. Роберттің ғылыми-зерттеу еңбектерінде жаңа ақпараттық технология құралдарын педагогикалық мақсатта қолданудың келесі негіздері белгіленген:

1. Ақпараттық технологиялардың негізінде оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейін қарқынды бағытында, яғни

- оқыту үдерісі сапасы мен тиімділігін көтеру;
- танымдық іс-әрекет белсенділігін көтеру;
- пәнаралық байланыстарды тереңдету;
- қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту.

2. Оқып үйренушінің жеке тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғам жағдайындағы өмірге өзіндік дайындықтар, яғни

- түрлі ойлау қабілеттерін дамыту;
- байланыс жолдары қабілеттілігін дамыту;
- күрделі жағдайлардағы шешім нұсқаларын ұсыну;
- компьютерлік графика мен мультимедиа технологияларын пайдаланып, эстетикалық тәрбиелеу;

- ақпаратты өңдеу және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру;

- жағдай немесе мәселені моделдей білуді дамыту;

- тәжірибелі-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра білуді қамтамасыз ету.

3. Қоғамның әлеуметтік тапсырыстарын орындау жұмыстары, яғни

- ақпаратты сауатты тұлғаны даярлау;
- тұтынушыны компьютер құралдарымен дайындау;
- информатика аймағында кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асыру [Қуанбаева Б.О., 2014, б. 96].

Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңінде қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі етіп белгіледі. Қазіргі замандағы мектептерде уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, ғылыми тілмен айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану басты назарда болып отыр. Осы жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттері мен тілге деген қызығушылықтарын арттырып, білім сапасын көтеруде.

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр.

Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процессінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер студенттің іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және студенттің бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде студенттің белсенділігі оянады. Нәтижесінде, студент ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және студенттің ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар жетілдірілуде. Сол себептен ақпараттық-коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды.

Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту-қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады.

Осындай кешенді шаралардың бірі ретінде тілдерді оқытудың бұрынғыдай тек тақырыпқа емес, дағдылармен қоса меңгертілуі қолданысқа енгізіліп отыр. Тілдік дағдылар дегеніміз – ол өмір сүруге қажетті дағдылар. Адам тыңдайды, оқиды, сөйлеседі, жазады. Аталмыш дағдылар

адамның өмір сүруі бойында еш қиындықсыз кәдеге жарауы тиіс. Осы мақсатта тілдік дағдылар барлық тіл сабақтарының басын біріктіреді. Демек, қай тілді оқытуда болмасын әдістеме бір, студентке қойылатын талап та бір болмақ. Ол студенттің түрлі тіл сабақтарына келіп, түрлі талаптарға сай тапсырма орындауынан құтқарады. Студент білімін біріздендіреді.

Қарым-қатынастық тілді оқыту (Communicative language learning) – тілді қолдананыс арқылы үйренеді. Мысалы, аэропортта немесе телебағдарламада т.б. рөлдік сөйлесім орын алады.

Тіл дағдылары жалпы екі топқа жіктеледі. Дағдының қабылдауға байланысты түрін ағылшын тілінде қабылдау (receptive skills) деп атаса, ал тілді қолдануға байланысты дағдыларды өнім беруші дағдылары (productive skills) деп атайды. Қабылдауға қатысты дағдының түріне тыңдалым мен оқылым дағдылары жатады. Мұндағы білім дискурс арқылы алынады. Оқылым студенттің мәтінді түсінуге жетелейтін дағды деп оңай айта саламыз. Алайда осы оқылым дағдысын меңгеру студенттерге көптеген міндеттер жүктейді [Жаминова Р.Ж., 2012, б. 118].

Тіл сабақтарында қолданылатын тыңдалымның түрін интенсивті немесе экстенсивті тыңдалым деп бөліп жүрміз. Экстенсивті тыңдалым бойынша студент өзін қызықтырған материалын тыңдайды, сол арқылы тілін жетілдіреді, сөздік қорын молайтады. Студенттің табиғи сөйлеу тілін тыңдау арқылы тілді еркін меңгеруіне септігін тигізеді. Кейбір студенттер өздігінен тыңдалымға ұмтылмаса, оларға бағыт беріп, арнайы тапсырмалар берген жөн. Сондықтан да интенсивті тыңдалым студенттің тыңдалым дағдысын мақсатты дамыту мақсатында қолданылады. Тыңдалым арқылы тіл үйренушілер өз мұғалімінен басқа адамдардың дауысына, сөйлеу мәнеріне, жылдамдығына үйренеді, сөздерді дұрыс айта білуге, ақыр соңында еркін сөйлеу мүмкіндігіне ие болады [Пассов Е.И., 1991, с. 18].

Тыңдалым орындау барысында студенттер түрлі жанрлық өзгешеліктері бар мәтіндерді тыңдайды, ондағы табиғи тіл қолданысын игереді. Мұндай тыңдалым материалдарының артықшылықтары мен кемшіліктері қатар жүреді. Басты артықшылығы тіл үйренуші тыңдалымның дұрыс ести алмай қалған тұсын қайталап тыңдай алады. Ал негізгі кемшілігіне сыныптың акустикасына байланысты студенттер тыңдалымды анық ести алмай қалуы мүмкін. Интенсивті тыңдалымды жүзеге асырудың тағы бір түрі – ол тіл үйренушілердің бетпе-бет таза тіл иесімен кездесуі.

Тыңдап түсіну барысында туындайтын қиындықтар:

- Сөйлеуші қолданған кейбір лексикалық және грамматикалық материал студентке таныс емес болуы мүмкін.

- Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы заңды құбылыс. Ал студент өз мұғаліміне дағдыланып алады.

- Мұғалім барлығына түсінікті болу үшін өте баяу ырғақта сөйлейді. Дұрыс ырғақта сөйлеген сөзді түсінбейді.

- Егер тыңдаушы сөйлеушінің сөйлегендегі іс-қимылын бетпе-бет көріп үйреніп қалады. Телефон арқылы сөйлесу, радио тыңдау да ондай болмайды. Осы кезде түсінісу қиын болады.

Студенттердің ағылшын тілі сабақтарында тыңдап түсіну қабілеттерін дамытуда төрт жаттығулар тобын ұсынуға болады.

Бірінші топ жаттығуларының мақсаты – мәтінді тыңдаудың алдында лингвистикалық және психологиялық қиындықтарды алдын ала жою.

Екінші топ жаттығудың мақсаты – мәтінді тыңдауға арналған жаттығулар. Мұнда студенттер мәтінді тыңдап, оның тақырыбын, идеясын анықтау, берілген кестені/сызбаны және т.б. толтыру, сұрақтарға берілген жауаптардың мәтін мазмұнына сәйкес келетінін анықтау және т.б.

Үшінші топ жаттығудың мақсаты – мәтін мазмұнын толық түсініп, студенттердің бойында төмендегідей іскерліктерді дамыту: интерпретация, комментарий және талдау жасай алу.

Төртінші топ жаттығудың мақсаты – студенттерді мәтін мазмұнының басты идеясына байланысты ойларын айтқызу, пікір-талас ұйымдастыру, «дөңгелек үстел» ұйымдастыру, сахналау, сценарий жазу және т.б.

Енді тыңдауға арналған мәтіндерге қойылатын талаптарға тоқтала кетсек. Олар:

- тыңдауға арналған мәтіннің мазмұнының тәрбиелік мәні болуға тиіс және оның мазмұны студенттердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек;

- мәтіннің берік логикасы болуы шарт;
- мәтіннің мазмұнында тыңдаушылар үшін қызықты жаңа мәселе болуы керек;

- мәтін аутентивті, яғни шындыққа негізделген, жасанды мәтін емес болуы тиіс [Есбосынов М.Б., 1999, с. 98].

Қорытынды

Тыңдалымға жазба тілден едәуір ерекшеленіп тұратын сөйлеу тілі таңдалады. Тыңдалым арқылы дыбыстардың дұрыс айтылуын үйренеміз, мағынаны ұғамыз, мазмұнын игеру арқылы білім толықтырамыз. Демек, тыңдалым студенттің сөйлеу тілін түсінуіне ықпал етеді. Тыңдалым барысында студент сөйлесім мәтінінің көптеген түрлерімен танысады. Олар: әңгіме, жарнама, ән, нұсқаулық, дәріс, жаңалық т.б. Осы аталғандардың барлығының өзіндік тілдік ерекшеліктері бар. Кей жағдайларда жай ғана дыбыстар естіледі. Сонымен қатар, тыңдалым материалдарының жылдамдығы әртүрлі болып келеді. Кейбір сөздер анық естілмей, олардың әріптері

жұтылып кетеді, интонациялары да контекске байланысты құбылып тұрады.

Студенттердің тыңдалым дағдысын дамыту мақсатында да бірнеше стратегиялар қолданылады. Осыған орай, тыңдалым барысында мәтіннің жалпы мазмұнын ұғу, нақты мәліметті табу, детальдарды түсіну, сөйлеушінің ұстанымы мен көзқарасын білу мақсаттары көзделеді. Тыңдалым дағдысын дамыту арқылы студенттер мынадай жетістіктерге қол жеткізеді:

- ұқсас дыбыстардың арасындағы ерекшеліктерді байқайды;

- кілт сөздерге назар аударуды үйренеді;

- қарапайым нұсқаулықтарды түсініп, жауап беруге төселеді;

- ақпараттардағы мазмұндық айырмашылықты тани білуге мүмкіндік алады;

- ән сөздерін дұрыс тануға үйренеді;

- қарапайым әңгіменің дамытылуын түсінеді;

- өтініштер мен сыныптағы нұсқауларды қолданады;

- тыңдалым мәтінінің стилін ажыратады;

- негізгі идеяны таба біледі т.б.

Тіл үйрету сабақтарының дағдыға негізделуі – біріншіден, өмірге қажетті стратегияларды меңгертуді көздейді. Екіншіден, пәнаралық жікті болдырмайды, білім толықтыруды жеңілдетеді, оңтайлы әдістерін ұсынады. Студент білімін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Сабақтардың әралуандылығын қамтамасыз етеді. Тапсырмалардың бірыңғай болуының алдын алады, студентті біртектес тапсырмамен жалықтырмайды. Өзге пәндермен кіріктірілген сабақ өткізуде әдістемелік тұрғыда орайласып келеді (мәселен, эссе жаздыру).

Қорытындылай келе, педагогикалық технологиялар арқылы студенттердің тыңдалым дағдыларын қалыптастыруда оқытушы дауыс ырғағына барынша мән беру керек. Ағылшы тілінде сөйлеу – тілді игерудің ең қиын түрі, бір-екі сөзден тұратын сөйлем құрастыру үшін сөйлеу дағдысын қалыптастырып, машықтану керек. Әрине ол көп машықтануды талап етеді. Механикалық жаттығулар қажет, бірақ жылдан жылға оларды сөйлеу машығынсыз қолдану ешқандай пайда бермейді. Студент бір нәрсе туралы айтқысы, түсіндіргісі немесе сұрағысы келсе тілдік қорды пайдалануы қажет және оған оқытушы көмектесіп отыруы қажет. Осы психологиялық фактор үнемі есте болуы керек. Басқа фактор – психологиялық фактор. Студент өз есінде қалған сөздерді, сөз тіркесетрін, сөйлеу үлгілерін грамматикалық формаларды, құрылымдарды сөйлеу үшін қолданады. Сондықтан, оқытушы белгілі бір тақырыпты, жағдайды пайдаланып, сөздерді, грамматканы үйрете отырып сөйлеуге ынаталандыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Гальперин П.Я. Формирование умственных действий // Хрестоматия по общей психологии: Психология мышления / под ред. Ю.Б. Гиппелрейтер, В.В. Петухова. – М., 1981. – С. 78-86.
2. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 541 с.
3. Булекбасова Б. Инновациялық технология. // Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. 2010. №95. – 80 б.
4. Қуанбаева Б.О. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: пед. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 2004. – 142 б.
5. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012. – 115-120 б.
6. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 116 б.
7. Есбосынов М.Б. Дидактические условия организации дистанционного обучения в средней школе: дис.... канд. пед. наук – Алматы, 1999. – 139 с.

